


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY



Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған Байтанаев оқулары-8  
**«Абай мұрасы – халық қазынасы»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының  
**ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ**  
международной научно-практической конференции  
**«Наследие Абая – сокровище народа»**  
Байтанаевские чтения-8, посвящённой 175 юбилею Абая Кунанбаева

**A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES**  
of the international scientific-practical conference  
**« Abay's legacy is the wealth of the people »**  
Baitanaev readings-8 dedicated to the 175th anniversary of Abai

**I БӨЛІМ**

**Шымкент – 2020**

Академиясының академигі Зәки Ахметұлының қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі, соның ішінде абайтану ғылымын қалыптастырудағы еңбегі тіпті ерекше. Абайтану ғылымының ақындық әлемін жасап, өткенін ұмыттырмай, кешегі күнін танытып, бүгінгі күні мен болашағын жарқын етуге бар күш-жігерін жұмсап жұмыр кешкен ғалымның әр ісі, әр еңбегі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге, гибрат мектебі.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. А., Қазақстан даму институты, 1999. -750 б.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырушы: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. А., Ана тілі. 1998. -384 б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. А., Ана тілі. 1995. -310 б.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. А., Мектеп. 1973. -212 б.
5. М.Мырзахметов Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. А., «Ғылым» 1982.
6. М.Мырзахметов. Абайтану тарихы. А. «Ана тілі», 1994. -192 б.
7. Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері. А., Үш қыял. 2003. -640 б.

**Қалқабәева Сәлима Әбдіраманқызы**

филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**БІЛІМ МЕН ІЗГІЛІК ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН ЖАН**

Қай кезде де адам болмысының құндылығы білімімен бағаланса керек. Адами-инабаттылық, ақыл-парасаттылық, рухани-мәдениеттілік сияқты ізгі қасиеттің бәрі де білім алу, оны өмір мазмұнына айналдыру нәтижесінде іске асатыны хақ. Білімді болу арнайы оқу мекемелерінде алған біліммен ғана шектелмейді. Білімділікке апаратын жол оған деген құштарлық пен ынта-талапқа тікелей байланысты. Білімге, ғылымға құштарлықты біліміден шыққан сөз немесе ғалымның жазған ілімі оятуы мүмкін. Болашаққа апарар жолды жарық етететін нұр білімде деп ой түюге жетелейтін нәрсе, Абай айтқандай, талапты жанның көкірек көзінің ашылуы.

Біліміден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз.

Ақын Абай өлеңінің осы шумағы білім мен ізгілік шырағын жаққан, қаншама талапты, білім мен ғылымға құштар жастардың көкірек көзін ашып, нұрлы жолға бағыттаған жандар туралы ой толғауыма жетеледі.

Бүгінгі күнге дейін өзім білім алған және қызмет істеп жүрген оқу орындарыңдарында көптеген ғұлама ғалымдардың дәрісін тыңдап, ұлағатты ұстаздардың айқын ұстанымға үйрететін көзқарастары мен тағылымды сөздерін естігенім көп. Бұның бәрі де мен үшін өмірдің ғана емес, білім сатыларының баспалдақтары деп түсінемін. Дегенменде болашақ тағдырына

өзің күтпеген жандардың ықпал етіп, арман-мақсатыңның іске асуына себепкер болатынына талай куә болдым.

Ғылым саласына біржолата бет бұруыма себепкер болған жағдай әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбіш Байтанаевпен танысып араласқандығым болды.

1985 жылы Е. Букетов атындағы ҚарМУ-ды бітірген соң Шымкент қаласындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі боп жұмыс істеп жүрген болатынмын. Бір күні мектептің оқу ісінің меңгерушісі қолыма бір хатты ұстатты. Аң-таң күймен хатты асыға аштым. Онда қысқа ғана екі-үш сөйлем жазылыпты: «Салима, өлеңіңді оқыдым, ұнады. Айтатын пікірлерім бар. Хабарлас. Профессор Ә.Б.» Сонында телефон нөмірі көрсетілген. Күтпеген тосын хат. Дегенмен кімнен келгенін бірден білдім. Бұл кезде Шымкент өңірінде тұратын аса танымал ғалым – Қазақстан жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, Шымкент педогогикалық институтының іргесін қалаушылардың бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбіш Байтанаев болатын. Аздап өлең жазатыным да бар еді. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің соңғы бір санында Жазушылар одағы облыстық бөлімінің басшысы, жазушы Мархабат Байғұтовтың алғысөзімен бір топ өлеңдерім жарияланған болатын. Соны оқыған болды ғой. Өлең кітабым болса бір басқа, шағын өлеңдерімің өзіне үлкен дәрежесімен жылы лебіз білдіріп, хабарласқанына сене алар емеспін. Телефон шалуға батылым жетпей біраз жүрдім. Ақыры қайраттанып қоңырау соқтым. Мекен-жайым айтып үйіне келуімді бұйырды. Әдебиет саласындағы зерттеу еңбектерімен студент кезімізден таныс абыз ғалым Әбіш Байтанаевпен кездесу осылай басталды. Алғашқы жүздесуде-ақ өзім туралы мәліметті толық айтуыма тура келді.

ҚарМУ-дің филология факультетінің біз оқыған тұстағы деканы – әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Болат Әбішұлы Байтанаев болатын. Әке жолын ұстанған ғалым-ұстаз Болат Әбішұлы өте қарапайым, жүрегі жұмсақ, камқор жан еді. Баласы басшылық ететін оқу орнында оқығанымды, дипломдық жұмысымды М. Әуезовтің «Абай жолынан» қорғағанымды білгеннен соң Әбіш ағайдың ықыласы арта түскендей болды. Тіпті дипломдық жұмысымды алдырып, мұқият оқып шықты. Әбіш Байтанаевтың 1971 жылы «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын жазудағы шеберлігі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, осы ізденістер негізінде жазылған «Шын шеберлік», «Абай жолы» эпопеясының образдар жүйесі» атты зерттеулерін диплом жұмысын жазу барысында пайдаланған да болатынмын. «Абай жолындағы» Абай өлеңдерінің туу процесіндегі шығармашылық психологизмді талдап жазған жұмысым Әбіш ағайдың көңілінен шықса керек, маған енді ғылыммен айналысасың деп кесіп айтты. Мектепте жүріп ғылыммен айналысу қиын болатынын алға тартып, институтқа жұмысқа тұруың керек деп шешті.

Университетті жақсы тамамдап, баспасөз беттерінде өлеңдерім жарияланып өзімді ақылдай сезініп қалғандықтың әсері ме көңілім

шығармашылық өнерге жақын газет, журнал сияқты баспасөз мекемелерінде жұмыс істеуге ауып жүретін. Бір жағы мектептегі мұғалімдікке де үйреніп, оқушылармен жұмыстың қызығына түсіп те кеткен болатынмын. Дегенмен мектеп мұғалімінің еңбегі шәкірт жүрегінен өшпегенімен, дәрежесі өспейтін іс ғой. Әбіш Байтанаевтың маған сілтеп отырған бағыты дұрыс екенін ұғындым. Бірақ тез шешімге келе алмай жүргенім ұнамаса керек, іске өзі кірісіп те кетті.

Сан алуан ғылыми еңбектерімен қатар («Шын шеберлік» (1969), «Абай жолы» эпопеясының образдар жүйесі» (1970), «Абай жолы» айшықтары» (1995), «Әдебиет теориясын орта мектептерде оқыту» (Әдістемелік нұсқау, 1988), «С.Ерубаевтың творчествосы туралы» (1978), «Жамбыл Жабаев» (1957), «Саттар Ерубаев» (1958), т.б. ), көркем прозаның бірнеше жанрында, драматургия, аударма салаларында көркем шығармалар жазып, ғылым мен жазушылық өнерді қоса алып жүрген Әбіш Байтанаев бұл жылдары М. Әуезов атындағы Шымкент педогогикалық институтының құрметті профессоры, КСРО Жоғары мектебінің үздік қызметкері болатын.

Қамсыз отырған жайшылық бір күні Әбіш ағай пәтеріміздің есігін қағып тұр. Кішкене бойлы, жүрісі әлі ширақ, жасы 75-тер шамасындағы қария жасқа жеткен кісінің үшінші қабатқа ерінбей көтеріліп келгеніне қалай таңданбасқа. Әкем марқұм бұл кісіден әлдеқайда жас болса да екі-үш қабатқа көтерілгенде ырсылдап, алқынып қалушы еді. Өз көзіме өзім сенсе алар емеспін. Қасында жүргізушісі, қолында көтеріп алған шағын портативті жазу машинкасы бар. Ағай үйге ентелей кірді де, амандықтан кейін:

– Неге хабарсыз жатсың. Біздің кафедрада бір орын босады. Сені сол орынға алуға тиіс. Тез өтінішінді жаз! – демесі бар ма аяқ астынан. Үйде бірнеше жыл төсек тартып жатып қалған анам да, мен де аң-таңбыз. Тез шешім қабылдап үйренбегендіктен сенер-сенбесімді білмей тұрмын. Анам сонымды байқады ма Әбіш ағайға:

– Сіздің қамқорлығыңызға көп рахмет! Бірақ қызымды жұмыс істеп жүрген жылы орнынан қозғамай-ақ қойсаңыз. Осыған да қанағат, аллаға шүкір жұмыссыз емес, – деп қалды. Осы сәтте:

– Сен үйде жатып не білесің? Қызыңның болашағын ойласаң олай демес едің, талабын қайтарма қызыңның... – деді Әбіш ағай жасы үлкендігін байқатып. Қатқыл шыққан дауыстан абдырап, қолыма қағаз бен қалам алып өтінішімді жаза бастадым. Былай деп жаз деп нұсқау да беріп жатыр. Осы сәт қамқор болар әкем қайта тіріліп келгендей сезімді кештім. Үйден шығарда өзімен бірге әкелген жазу машинкасын маған қалдырып жатып, оны тез басып үйренуім қажет екендігін де тапсырып кетті.

Алайда бұл әрекетімізден оң нәтиже шықпады, кафедра мәжілісінде мені ұсынып, қанша мақтағанымен басшылар өздері қалап отырған адамын алыпты. Әбіш ағай бұған біраз ренжіп жүрді. Дегенмен әлі де үміт үзуге болмайтындығын айтып жігерлендіріп қойды. Ол осылайша мені сәтсіздіктерге мойымай күресе білуге де үйретті.

1986 жылдың 18-ші желтоқсаны күні болатын. Әбіш ағайдың үйіне келсем, есіктері ашық тұр. Мүлгіген тыныштық. Ағай мен апай төргі бөлмеде отыр екен. Қастарында бір-екі кісі бар. Бәрінің қабақтары қату, көңілдері алаңдаулы. Менің келгенімді байқаған Әбіш ағай «сонда күте тұр» дегендей кабинет жақты нұсқады. Есік айқара ашық, Әбіш ағайдың дауыстары анық естіліп жатты. Кешегі Алматыда Жаңа алаңда болған оқиғаны сөз етуде. Өз талаптарын айтып алаңға шыққан намысшыл жастардың батылдығын бір жағынан сүйсініп сөз етеді, сонымен қатар қан төгіс боп жастар мерт болмаса екен деп те алаңдайды. Бәрінен де Алматымен бар байланыстың үзіліп, болып жатқан жағдайдан хабарсыз қалғандарын уайымдайды. Мұндай оқиғаның бұрын-соңды Кеңес өкіметінде болмағандығын, енді елімізді үлкен өзгерістер күтіп тұрғандығын болжап айтуда. Басқалары үнісіз. Мен осы жолы Әбіш ағайдың жүрегі елім деп соғатынын, мазасыз көкірегінде ұлттық рухтың асқақ алауы маздап жатқандығын айқын сезіндім.

Бір күні Әбіш ағай үйіне келіп кетуімді тағы да өтінді. Бардым. Жазу кабинетіндегі көп кітаптар мен қағаздардың арасында шаршаңқы отыр екен. Бір қолжазбасын таба алмай әуре болса керек. Көмектесуімді өтінді. Тез кірісіп кеттім. Ағайдың жолдасы Мырзай апай да кірісіп, мына жерді қарап көр деп әбігерленіп жүр. Ол жазба Саттар Ерубасев жайлы жазбалар екен. Ақыры тауып көңіл жайланған соң, Мырзай апайдың тәтті шайына жайғастық.

Әбіш ағайдың жары Мырзай Алтынбекқызы да әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент болатын. Ғылыми зерттеуін Саттар Ерубасев шығармашылығынан қорғаған Мырзай Алтынбекқызының да «Саттар Ерубасев» атты монографиясы бар. Бір шаңырақта қос бірдей ғалымның жарастықпен бір бағыт, бір мақсатта еңбек етіп жатқанына сүйсініп отырдым. Шай үстіндегі әңгіме ауаны Сәттар Асқарұлы Ерубасев жайында болды. Қызу әңгімеден ұққаным, бұл кісілер Сәттар Ерубасевпен жақын таныс болған екен. Түркістанда жастық жылдарын қатар өткізген, бірін-бірі жақсы білген, қатар жүріп әдебиет жайында талай сырласқан да екен. Небәрі 23 жыл өмір сүрген жасын тағдырдың ерекше қадамдары мен шыққан белестерін сүйсіне айтып отырды. 16 жасқа толмаған жас өркен Саттардың Санкт-Петербург университетінің тарих-лингвистика факультетіне оқуға түсіп, орыс пен батыстың бай классикалық әдебиетінің өкілдері А.М.Горький, А.Барбюс, Р.Роллан, И.Эренбург, В.Маяковский, С.Есенин, Ф.Купер, т.б. шығармаларын сіңіріп оқу нәтижесінде 1933 жылы «Орыс неоромантизмі және қазақтың ұлттық әдебиеті» деген күрделі тақырыпта диплом қорғап жоғары бағаланғанын айтып сүйсінді. С. Ерубасевтың жастығына қарамай ең іргелі оқу орындарында философия, әдебиет теориясы сияқты қиын пәндерден дәріс оқығанын, мемлекеттік музыка театры студиясының (қазіргі опера театры) бірінші директоры болып тағайындалғандығын таңдана айтып отырды. Әбіш Байтанаевпен хат жазысып араласқандығын С. Ерубасевтің «Мен Қарағандыға ризамын, ол мені жазушы етіп шығаратын болды!» деп жазғанын айтып отырғанынан

аңғардым. С. Ерубасевтың тың жанрда жазған көптеген шығармалары Қарағандыда қызмет істеп жүрген жылдары жазылғанын Мырзай апай да өз зерттеулерінде жазған. Қос ғалымның лебіздерінен С. Ерубасевтың өмірі мен әдеби мұрасына деген зор құрмет пен ыстық ықыластың мол екендігін байқадым. Көмекке барып рухани байып қайтқан жайыма мәз болып, жігерленіп үйге келе жаттым. Аз ғана өмірінде қаншама дүниелер жазып, қызмет те жасаған, бірнеше жанрда жаңаша стильде жазған шығармаларымен (новелладан романға дейін) әдебиетте өз ізін қалдырып та үлгерген жасын ғұмыр Сәттар Ерубасевтың талабы мен тынымсыз еңбегі маған қатты ой салды.

Ақыры көптен бері әркез маза бермей жүрген ойымды тұжырымдадым. Аспирантураға құжат тапсыруға бел шештім. Арман қала Алматыны таңдап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әдебиеттану мамандығына тапсырдым. Бақ шапты ма, әлде бап шапты ма аспирантураға оқуға түсіп, ғылым жолына бет бұрдым. Осылай ақын болам деп жүрген қарпайым қазақ қызын ғылым жолына бағыттаған, талай жас талапқа білім мен ізгілік шырағын жаққан жан туралы толғауымды арнау өлеңіммен қорытындылағым келеді.

#### **Көркем сөзде өмірдің ұлы мәні**

*(Әбіш Байтанаев рухына арналады)*

Абай жырын, жан сырын саралады,  
«Абай жолын» зерделеп, даралады.  
Шамшырағын ғылымның жарық еткен,  
Саттартану ілімі – дара бағы.

Көркем сөз деп өмірдің ұлы мәні.  
Біліміңіз нұр шапты шұғылалы.  
Өзіңіздей даналар ұқтырмаса,  
Қара сөздің қадірін кім ұғады?

Көркем сөзде өмірдің ұлы мәні.  
Сонда жатыр жүректің тұнық әні.  
Өзіңіздей ұлылар ақтармаса  
Қазынаны ондағы кім ұғады?

Көркем сөзде өмірдің ұлы мәні.  
Одан ғалам нәр алып жылынады.  
Сөз найзасы дөп тисе есерлер де  
Шешендердің алдына жығылады.  
Көркем сөзде өмірдің ұлы мәні...

## МАЗМУНЫ

Сугирбаева Г.Д	3
Алғы сөз.....	
<b>ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	
Нүрпейісов Нариман	
✓ АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ - АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ.....	4
✓ Қалқабаева Сәлима Әбдіраманқызы	
БІЛІМ МЕН ІЗГІЛІК ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН ЖАН.....	9
Weisenbayeva A. A., Taiteliyeva M.A, Aidarkulova A.Zh.	
LEARNER STRATEGIES IN LANGUAGE LEARNING.....	14
Смапова Г.И., Жекебаева Р.Д., Махмуд А	
FORMATION OF ORAL SPEAKING SKILLS.....	18
Суюбердиева А. п.ғ.к., аға оқытушы, Смайыл Салтанат Шойбекқызы	
UPDATING OF PHRASEOLOGICAL INTENSITY.....	20
Dildabekova A.K., Dauletova A.A., Akhmetova M.R.	
TEACHING PROFESSIONAL ORIENTED FOREIGN LANGUAGE OF PHYSICS STUDENTS.....	22
Абдукаримова А.А., Балжыбекова С.Ж., Мейірбек Н.Қ.	
KREATIVE ARBEIT MIT WORTSCHATZ UND BILDERN IM DEUTSCHUNTERRICHT.....	26
Тасанбаева З.Р. ф.ғ.к., доцент, Абдуллаева Надирам Халиловна	
THEORETICAL PREREQUISITES FOR STUDYING THE EVENT IN ENGLISH LANGUAGE ECONOMIC DISCOURSE.....	31
Тасанбаева З.Р., Адилова Жанар Ергалиқызы	
ONOMATOPOETIC NAMES OWN AS AN INDEPENDENT CATEGORY OF NAMES OWN.....	34
Айсаева Мейрамгүл Сағыновна, Ы.Балхыбекова	
СӨЗ ӨНЕРІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ Ә. НҮРШАЙЫҚОВТЫҢ ӨМІРЛІК ДЕРЕКТЕН ТУҒАН ОЙ ТҰЖЫРЫМДАРЫ ЖАЙЛЫ.....	37
Ауез Жадыра Токтарқызы, Ы. Балхыбекова	
САН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫН МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СИНТАКСИСТІК ТҮРҒЫДАН ҚАРАСТЫРУ.....	39
Ералиева А., Муратова М., Барысова Н.	
ОНИМДЕР – ЛИНГВОМӘДЕНИ АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ.....	42
Жабак Ақерке Ержанқызы, Ы.Балхыбекова	
ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ ЕСІМ СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ XIII – XIV ғ.....	46
Исакова Айсұлу Мұратовна, Ж. Акимешева	
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ БАСҚА ТІЛДІК ТҮЛҒАЛАРДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ.....	49
Қалдыбаева Ф, Төлебай Д	
TRILINGUALISM IS A BRIGHT OF FUTURE.....	53
Құрбанов А.Г., Анаркүлова А.А.	
ЕТІСТІКТІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ.....	56
Құрбанов А.Г., Елемесова Г.Ж.	